



ЖЕТПЕГЕНІ ОСЫ ЕДІ...

ЖАМБЫЛДА



Үкімет жұмыссыздықты болдырмау жолында жанталасып жатқанда, тұрақты жұмысы бар азаматтардың тал түсте екі қолға бір күрек таппай қалуы – таңғаларлық оқиға. Айталық, Жамбыл облысының Мойынқұм ауданында жалпы құны 5 миллиард теңгеден асатын «Хантау» цемент зауытының жұмысы әп-сәтте тоқырап, жүзге жуық жұмысшы далада қалды. КТК телеарнасы хабарлағандай, үдемелі индустриалдық-инновациялық жоба банкрот болудың алдында тұр. Жұмысшының жағдайын ойлайтын өндіріс орнының басшылары қарамағындағыларға мәселенің мәнісін түсіндіру орнына із-түзсіз қашып кеткен.



ЖҰМЫСШЫ ЖҮР ЖАЛАҚЫСЫЗ

Шынында да, зауыт әкімшілігінің қайда жасырынып жүргені белгісіз. Тура «Түлкі мен бөдене» ертегісіндегідей жағдай: Түлкі аузын ашып «Манғыт» дей бергенде, «Аузына саңғыт!» деп, бөдене ұша жөнеліпті. Содан былай түлкі мен бөдене достықтан айырылысыпты. Осыған ұқсастау оқиға: зауыт әкімшілігі мен жұмысшылар да ойламаған жерден достықтан кол үзген.

Цемент өндірісінің өкпесі өше бастағанын байқаған жұмысшылардың алды өз еріктерімен жұмыстан босай бастаған. Енді қайтсін? Қалтасында көк тиыны жоқ азаматтар күнкөріс үшін басқа жұмыс орнын жағалайды да. «Іс бітті, қу кетті» болған соң, зауыт үш рет банкрот болуға әрекет жасаған. Тіпті бағалы құжаттарды да ала кеткен шенеуніктерді құзырлы орындардың өзі де таппайтын сынайлы.

Мойынқұмдағы «Хантау» цемент зауыты жұмысшыларының алды алты айдан бері жалақы алып көрмеген.

Солардың бірі – Назира Абайбекова зауытта әкімшілік-шаруашылық бөлімінің меңгерушісі болып жұмыс істеген. Ол «Күнкөріс қиын. Екі ұлымның біреу – студент, екіншісі мектеп жасында. Күйеуім қайтыс болған. Шынымды айтсам, мектептегі балама киім өпеге алмай қиналдым», – дейді.

Техникалық директор Василий Заярнұидың айтуынша, ең соңғы үміт сотта болып тұр. Алайда ғимарат күзетіп жүрген азаматтар ол жерге де бас сұға алмайды. Өйткені, керекті құжаттарды жинау үшін өтініш беретін акционерлік қоғам атымен жоқ. Сонда олар қайда кетті? В.Заярнұид «Олар жеке немесе заңды мекенжай бойынша да тіркелмеген. Телефондарын да білмейміз. Екі ай бұрын жалақысыз жүргендер бір жарым есе көп еді, шу шыққан соң басшылық жалақы бойынша бірсыпыра қарыздан құтылған. Зауыт жетекші мамандар алдында 60 миллион теңге қарыз» – дейді.



Назира Абайбекова:

«Күнкөріс қиын. Екі ұлымның біреу – студент, екіншісі мектеп жасында. Күйеуім қайтыс болған. Шынымды айтсам, мектептегі балама киім өпеге алмай қиналдым».

(Жалғасы 3-бетте)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Жуырда Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов қанша жалақы алатындығын жұртқа жария етті. Кенді аймақтың басшысы айына 967 мың теңге алады екен. Бұл да демократияның бір көрінісі болар. Жалпы мемлекеттік қызметтегі басшылардың жалақысы қалай есептеледі? Осы сауал төңірегінде қаржы министрінің орынбасары Берік Шолпанқұловты сөзге тарттық.



ӘКІМДЕРДІҢ АЙЛЫҒЫ ҚАНША?

Jas qazaq: Берік Шолпанқұлы, облыс әкімдері бір миллионға жуық айлық алып жатқанда вице-министрлердің табысы қанша?

Берік Шолпанқұлы: Мен министрдің орынбасары ретінде әлеуметтік төлемді алып тастағанда қолыма 683 мың теңге жалақы аламын. Мемлекеттік қызметкерлердің айлығы оның еңбек өтіліне байланысты есептелетінін айта кеткім келеді. Мысалы, қаржы жүйесінде жұмыс істеп келе жатқаным 20 жылдан асты. 20 жылдан аса еңбек өтілі бар жоғары лауазымдағы шенеуніктің алатын жалақысының белгілі бір мөлшері бар.

Jas qazaq: Осы 600 мың теңге айлық отбасыңызды асырауға жете ме?

Берік Шолпанқұлы: Бұл сұраққа жауап беру қиын. Әр отбасының шығыны әртүрлі. Дегенмен, ақша қашан да көптік етпейді. Кез келген шаңырақта отбасы мүшелерінің бәрі жұмыс істесе, қаржы жеткілікті болады деп ойлаймын.

Менің кәмілетке толмаған үш балам бар. Қаржының жұмсалуды мен үнемделуді әр үйдің ішкі мақсатына, отбасының жалпы табысына байланысты.

Jas qazaq: Елбасының Жолдаудағы тапсырмасы бойынша, жаңа жылдан бастап еліміздегі ең төменгі еңбекақы 1,5 есеге өсіп, 28 мыңнан 42 мың теңгеге жетеді. Осымен байланысты мемлекеттік қызметкерлердің, шенеуніктердің жалақысы да көбейе ме?

Берік Шолпанқұлы: Жок, мемлекеттік қызметкерлердің айлығы өспейді. Тек қана ең төменгі еңбекақы алатындардың табысы 1,5 есеге ұлғаяды.

Jas qazaq: Облыстар мен Астана, Алматы әкімдерінің айлық табысында өзгерісті байқауға бола ма? Мәселен, өңір басшыларының арасында зейнет жасынан асқандары бар. Олардың жалақысы қандай болуы мүмкін?

Берік Шолпанқұлы: Жоғарыда айтып өткенімдей, еңбек өтілі 20 жылдан асқан шенеуніктердің жалақысы максималды есептеледі. Астана, Алматы әкімдерінің айлығына қатысты ештеңе айта алмаймын. Өйткені, қазір еңбекақы төлеудің жаңа жүйесі енгізілді. Нәтижесінде, көптеген басшылар онтайландыруды жүргізу арқылы мемлекеттік қызметшілердің жалақысын екі есе өсіруге дейін мүмкіндік алады. Ал зейнет жасындағы әкімдердің айлығына қатысты айтарым, олар 63 жастан асқанымен барлығы бірдей зейнетақы алмайды. Егер құжат тапсырмаса, оларға зейнетақы тағайындалмайды. Тек қана жалақысын алады.


Сұхбаттасқан
Бейсен НАРЫНБЕК,
Астана

АҚЖОЛТАЙ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

РУХАНИЯТ КӨКЖИЕГІ КЕҢЕЙЕДІ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі Ұлттық комиссия мен «Жаһандану әлеміндегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасының ресейлік серіктесі арасында Мәскеуде ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.



Нақтырақ айтсақ, «Қазіргі қазақ прозасының антологиясы» мен «Қазіргі қазақ поэзиясының антологиясы» орыс тіліне аударып, басып шығаруға М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің баспа үйі мен Ресей Жазушылар одағының Мәскеу қалалық ұйымы атсалысады.

Қазіргі заманғы қазақ әдебиетінің үздік үлгілері жинағын Біріккен Ұлттар Ұйымының 6 тіліне аудару Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында жүзеге асып жатқаны белгілі.

(Жалғасы 2-бетте)

ТУҒАН ЖЕР

ТҰТАС ТҮРКІНІҢ АТАЖҰРТЫ



(Жалғасы 6-бетте)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)

79,26



DOLLAR

363,23



EURO

420,11



РУБЛЬ

5,54

ҚЫЗЫҚТАН
ҚЫЗЫҚТАРЫ



«Дөкейдің туысымын»

(Жалғасы 2-бетте)

БИЛІК

Елбасы осы аптада бірқатар мемлекеттерге ресми сапармен барды. Ең алдымен Нұрсұлтан Назарбаев Финляндия Республикасының президенті Саули Ниинистёмен кездесті.

Ресми кездесуден кейін екі ел басшылары шағын және кеңейтілген құрамда кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы Финляндия Республикасының президентіне дәстүрлі қонақжайлығы үшін ризашылық білдіріп, екі елдің өңірлік және халықаралық мәселелерді қарастырудағы ұстанымдары мен тәсілдері бірдей екенін атап өтті.

Елбасы «Финляндия мен Қазақстан – сенімді серіктес ретінде танылған мемлекеттер. Сіздің елде өткен АҚШ президенті Дональд Трамп пен Ресей Федерациясының президенті Владимир Путиннің маңызды кездесуі – соның жарқын мысалы. Қазақстанда да осындай іс-шаралар, соның ішінде



Кездесу соңында тараптар ауыл шаруашылығы, «жасыл» қаржы, энергетика, ғылым және білім, мәдени-гуманитарлық байланыстар салаларындағы екі жақты ынтымақтастық мәселелерін де талқылады.

мен зор әлеуетін жүзеге асыру үшін барлық жағдай жасалғанын жеткізді.

Екі ел арасында жоғары деңгейдегі саяси диалог тұрақты түрде өткізіліп келе жатқанына мән берген Елбасы қолайлы іскерлік ахуал қалыптасып, өзара іс-қимылдың шарттық-

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТЕР КӨБЕЙДІ

Сирия шиеленісін реттеу жөніндегі келіссөздер өткізіліп келеді. Мұның бәрі біздің мемлекеттеріміздің барлық елдермен жақсы қарым-қатынас ұстанып отырғанының арқасы», — деді.

Суоми елі Қазақстанның Солтүстік Еуропадағы сауда-экономикалық және инвестициялық маңызды серіктесі саналатынын, Финляндияның Орталық Азия елдерімен тауар айналымының 90 пайызы Қазақстанға тиесілі екенін атап өтті.

Нұрсұлтан Назарбаев ықпалдастықты одан әрі тереңдету үшін үкіметаралық комиссия отырысы аясында энергетика, көлік, ауыл шаруашылығы және білім салалары бойынша құрылған жұмыс топтарының қызметін жандандырып, нақты жобаларды талқылауға кірісу қажеттігін атап көрсетті.

Елбасы бизнес өкілдерімен өткен кездесудің қорытындыларына арнайы тоқталып, бизнес-форум барысында қол қойылған құжаттардың маңыздылығына да назар аударды.

Мемлекет басшысы ресми сапарының қорытындысы бойынша фин бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған брифингке қатысты.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев журналистер алдында сөйлеген сөзінде қонақжайлық көрсеткені үшін Финляндия президентіне ризашылық білдіріп, екіжақты ынтымақтастықтың 26 жыл ішінде мемлекеттер арасындағы қарым-қатынастар мен серіктестіктің жоғары деңгейіне жеткенін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта Финляндияның Еуропа одағына төрағалық ететініне байланысты, фин тарапының Қазақстан мен Еуропа одағы арасындағы кеңейтілген серіктестік пен ынтымақтастық туралы келісім аясындағы диалогты тереңдетуге белсенді ықпал ететініне сенім білдіріп, Қазақстан-Финляндия ынтымақтастығының табыстылығы


құқықтық және институционалдық базасы нығайғанына тоқталды. Енді осы мүмкіндіктердің бәрін толық пайдалану керек.

Келіссөздер қорытындысын жоғары бағалаған Нұрсұлтан Назарбаев бұл сапар серіктестігімізді одан әрі нығайтып, кеңейте түсетініне сенім білдірді.

Одан кейін Нұрсұлтан Назарбаев Бельгия Корольдігіне сапармен барды. Бельгиядағы Корольдік сарайында Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Бельгия Королі Филипппен кездесуі өтті. Тараптар саяси және мәдени-гуманитарлық салалардағы екіжақты қатынастардың басты аспектілерін талқылады. Сапар барысында Нұрсұлтан Назарбаев жоғары деңгейдегі бірқатар екі жақты келіссөздер өткізіп, Еуропаның іскер топтар өкілдерімен кездеседі. «Азия-Еуропа» (АСЕМ) форумының XII Саммитіне де қатысады.

Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ





Дәулетхан Қыдырбайұлы: Жалпы сіздің азаматтық көзқарасыңызды білейік деп едік. Елімізде көп жылдар бойы жүргізілген білім саласындағы реформаға қатысты не айтасыз?

Мұрат Бақтиярұлы: Тәуелсіздік алғанымызға 1-2 айдан кейін 27 жыл толады. Осы жылдың ішінде реформаға ең көп ұшыраған сала – білім саласы. Соңғы үш жылда реформаның жетегінде кетіп бара жатқандаймыз. Соның ішінде үш тілділікті бір мезгілде барлық мектептерге енгізу мәселесіне о бастан қарсы болғанмын. Әлі де қарсымын. Өйткені кез келген мемлекет балаларды ең алдымен бастауыш сыныптан бастап мемлекеттік тілінде оқытады. Содан кейінгі жағдай балалардың қарым-қабілетіне, алып жатқан білімінің ауқымына байланысты болмақ. Ата-ананың көзқарасымен санаса

түрде айтылады. Тек қана оқулық білім сапасына әсер етпейді. Оған мұғалімдердің де біліктілігі үлкен әсерін тигізеді. Тәубе деуіміз керек. Мемлекетіміз мектеп салудан кеңес үкіметі елдерінің ішінде ең мықтысы. Барлық жерде мектептер бұқаралық түрде дайындалып жатыр. Бірақ мұғалімдердің біліктілігі соған сай ма? Оларды жалақысы қалай? Осы мәселелерге де назар аудару керек. Көп жағдайда мұғалімдердің материалдық жағдайы жақсы деп айта алмаймыз. Олардың айлығына келген кезде көптеген дамыған, тіпті дамушы елдерден көші ілгері қалып қойдық. Мұғалімдердің жалақысы мен әлеуметтік жағдайын дұрыстамайынша, бұл салаға мықты мамандар келмейді. Білімді азаматтар жоғары оқу орнындағы педагогикалық мамандықты тандамайды. Қазір педагогика мамандығына

облыстардағы мектептерді аралап, арнайы жарнама жасайды. Қыз-жігіттердің оқу орнына түскен жағдайда қандай материалдық көмек ала алатындығы жан-жақты түсіндіріледі. Мысалы, Ресейдің Томск, Омск қалаларындағы оқу орнында білім сапасы Қазақстандағы жоғары оқу орнына қарағанда өте жоғары. Олардың материалдық-техникалық базалары, оқытушылар құрамының біліктілігі де жақсы. Өйткені жоғары оқу орнына мемлекеттен бөлінетін қаржының көлемі көп. Мәртебесіне қарай профессорлар біздің елдегі профессорлардың айлығынан 2-3 есе жоғары. Сондықтан білім сапасы да жоғары болады. Сонымен қатар көрші елге оқуға түскен қазақстандықтардың стипендиясы, жатақханамен қамтамасыз етілуі көңілге қонады. Ресейде оқуын

QOĞAM

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Ерлан Күмісқалиев – «Атырау – маленькая страна» қоғамдық бірлестігінің төрағасы. Қазіргі уақытта бас миы мен жұлынына зақым келген балаларға қолдау көрсету орталығын басқарады. Емдеудің негізгі түрі – Канистерапия. Науқас балаларды жануарлардың көмегімен емдейді. Қазір емдеу тәсілі ретінде ит пен жылқыны пайдаланып жүр.

Ерлан КҮМІСҚАЛИЕВ,
«100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы:

МАҚСАТЫМ – ӘР БАЛАНЫ БАҚЫТТЫ ЕТУ

Бүгінде 180-ге жуық отбасының балалары осы орталықта оңалтудан өткен. Негізгі емделушілер, яғни 80% жуығы – аяқ-қолы бар екенін білмейтін балалар. Сонымен бірге, емделушілердің 70% жалғызділікті аналардың баласы. Мұнда оңалту мен басқа да көмек тегін жүргізіледі. Тек балаларға ғана емес, олардың аналарына да жәрдем беріледі. Аналар орталықтағы үйрмелерге: би, фитнес, сұлулық салонына тегін барды.



– «100 жана есім» жобасына ұсынылған кандидаттардың ішінен Атыраудың тандауы сізге түскен кезде бізде керемет мақтаныш сезімі болды. Себебі науқас балаларға үміт отын сыйлап, үлкен сауапты іс атқарып жүрсіз. Ерекше жобаның жеңімпазы атану зор жауапкершілікті де жүктейтін болар...

– Шыны керек, менің кандидатурамды жобаға кім ұсынды, қалай қатыстым, ол жағынан әлі күнге дейін хабарсызбын. Бірақ, Елбасының қабылдауынан зор күш-жігермен оралғанымды мойындаймын. Әсіресе, жастардың ойлы әңгімесін тыңдап, тілмен айтып жеткізе алмайтын көңіл-күймен оралдым. Себебі, қазақтың қайсар мінезді, жалынды жастарын көріп, еліміздің болашағы зор екеніне көзім жетті. Қоғамда жақсылық, қайырымдылық жоғалмаған екен. Мені шабыттандырған да осы болды.

Бір таңқалғаным, жүздікке енгендердің барлығы бірдей болмағанымен, біразы біздің жұмысымыздан хабардар. «Сіз Ерлансыз ғой!» деп, ерекше ілтипат танытып жатқанда, кеудемді керемет қуаныш кернеді.

Мысалға, сол жүздікке он бес жасында енген тэквондодан әлем чемпионы да бар. Керемет пе, керемет! Яғни «жасаймын, жетемін» деген кісіге елімізде барлық жағдай бар. Тек мүмкіндікті пайдалана білу керек.

Бізбен емен-жарқын сұхбат құрған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев көп мәселені тілге тиек етті. Соның ішінде, өзіме ерекше сабақ болған мына сөзін атап өткім келеді. «Өкінішке қарай, біздің Қазақстанда бай адамды көре алмайды. Ол екінші көлік алып

балалардың көпшілігі оналту қызметін алууда.

Балалармен бірге, олардың аналарымен де жұмыс істейміз. Яғни олардың кәсіппен айналысуына жағдай жасалуда. Атырауда көптеген сұлулық салоны бар. Сол орталықтарға хабарласып, аналарымызды оқытудан өткізуді сұраймын. Шүкір, осы күнге дейін мәселімізді қайтарып көрген емес. Аналарымыздың көпшілігі бүгінде бет әрлеуші, тырнақ бояушы, шаш сәндеу шебері атанып, тәп-тәуір пайдасын көріп отыр.

– Сіздің бұрын-соңды елімізде болмаған жоба – бас миы зақымдалған балалар үшін арнайы қалашық салып жатқаныңыздан хабардармыз. Қалашықтың басты мақсаты, ерекшелігі неде?

– Соңғы 5 жылдан бері ерекше балалармен жұмыс істеп келемін. Осы уақыттың ішінде тұтас әлемді өзгертіп жібердім дей алмаймын. Бастысы, маған нәресте кезінде келген балаларым қазір өсіп жатыр. Арасында қатарға қосылып, балабақша, мектепке барып жүргендер де бар. Қазір менің сауығып кеткен ең үлкен балам 4-сыныпта оқиды. Көзді ашып-жұмғанша олар енді 18-19-ға да келеді. Демек, осы мерзім ішінде балаларға айналысатын іс тауып беруіміз керек.

Басты мақсатым – ерекше

балалар үшін шағын қалашықты пайдалануға беріп, оның жұмысын нәтижелі етіп жүргізу. Қалашық үшін әкімдік жер бөлді. Кезең-кезеңімен атқарылып жатқан жұмыс бар. Біздің қалашықтың тұрғындарының басты жауы – уақыт. Себебі уақыт өткен сайын бас миынан зақым алған балаларды сауықтыру қиынға түседі...

Біреулер үшін өмірдің мәні ақшада, қымбат көлік пен зәулім үйде, одан қалды шетелге шығып саяхаттау. Ал мен үшін өмірімнің мәні – балаларым. Қазір менің жүзден астам балам бар. Рас, олар басқаларға ұқсамайды. Бірінің аузынан су ағуы, бірінің ақыл-есінің кеш дамуы, бірі тіпті жүре, қозғала алмауы мүмкін. Бірақ сол балаларымның алғашқы дауысы, алғашқы қадамы, риясыз күлкисі – мен үшін зор бақыт. Одан басқа байлықтың маған керегі жоқ.

– Сіз енді итпен бірге, жылқы терапиясын да іске қосып жатырсыз ғой.

– Онының рас. Бізде қазір 8 жылқы бар. Оның екеуі иппотерапевт ретінде жұмыс істейді. Ал алты жылқыны орталықтың шығынын



«Еліміздің Тәуелсіздік жылынамыз жазыла бастағанына небәрі 25 жыл. Бұл – тарих тұрғысынан қас-қағым сәт десек те, еліміз үшін қасырға бергісіз кезең. Өрине, жасаған жұмыстың маңызы мен ауқымына ешбір күмән жоқ. Дегенмен, осы қыруар істі атқарған, ел дамуына зор үлес қосқан азаматтардың өздері мен олардың табысқа жету тарихы әдетте құрғақ фактілер мен цифрдың тасасында қалып қояды. Шын мәнінде, Қазақстанның әрбір жетістігінің артында алуан түрлі тағдыр тұр»

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)

жатады. Зәулім үй тұрғызып жатады. Сол кезде оның артынан түрлі сөз ереді. «Мен де осылай істей аламын» деп, ешкім алға ұмтылмайды. Керісінше, уақыттың бос сөзге арнайды» деген Елбасының өмірдің мәні туралы қарапайым әңгімесі кәдімгідей әсер қалдырды.

Жана есімдердің жүздігіне ену – үлкен жауапкершілік. Енді осы атаққа лайық болу үшін жұмысымыз одан әрі жетілдірімін.

– Қазір қанша баланың бар? Осыдан екі жыл бұрын «Менің 140 балам бар» деп сұхбат бергеніңіз есімізде...

– Қазір балаларымның саны 300-ден асып кетті. Бұл үш жүз баланың барлығы бірдей бізге келеді деген сөз емес. Әр отбасы өз қажеттілігіне қарай көмек алууда. Мәселен, біреулерге материалдық тұрғыда, енді біреулерге азық-түлік, дәрі-дәрмек түрінде көмек көрсетілсе,

«АҚЫЛ-ОЙДЫ» ЕЛГЕ ҚАЙТАРАЙЫҚ

отырып, белгілі бір шет тілін оқытуға бағыттайды. Ол ағылшын тілі бола ма, әлде басқа тіл бола ма, міне, соны пән ретінде тереңдетіп оқытуға мүмкіндік беріледі. Сондықтан мектепте бір ғана тіл болуы керек. Бізде орыс мектебі, қазақ мектебі деп бөліп жатады. Қазақстанда бір ғана мектеп, ол – қазақ мектебі болуы керек. Оның ішіндегі пәндер ретімен оқылғаны дұрыс. Негізгі пәндер мемлекеттік тілде оқытылғаны жөн. Ал орыс тілі, орыс әдебиеті, жалпы тарих сынды пәндерді орыс тілінде оқытуға болады. Өкінішке қарай, біз мұғалімдерді дайындап алмай тұрып, реформа жасауға жол беріп жатырмыз. Бұл – бірінші мәселе. Екінші мәселе – оқулықтардың тым жиі басылуы, ондағы көптеген кемшілік. Сондай-ақ балаларға арналған танымдық бағыттағы дүниелердегі қателіктер көңілден шықпайды. Бұл мәселелер ұдайы айтылып та жүр.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Оқулықтың сапасы туралы айтар болсақ, бұл мәселе әлі күнге дейін неге шешімін таба алмай келеді?

Мұрат Бақтиярұлы: Маңызды мәселенің шешімін табудың негізгі жолы – оқулықтың сапалы болуы. Кеңес үкіметі кезімен салыстырсақ, сол кездегі оқулықтар өте сапалы жазылатын. Көптеген мектептердің тәжірибелі ұстаздарын қатыстыру арқылы, оны арнайы шоғырланған ғалымдар жазатын. Ал қазір оқулықты теңдерді жеңіп алған кез келген адам жазып жүр.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Оқулықтың сапасы, оқуға қаншалықты әсер етуде?

Мұрат Бақтиярұлы: Сапа деген сөз салыстырмалы

жолы болмай қалған, ҰБТ-да аз балл жинаған жастар келеді. Әйтеуір бір жұмыс табылады деп мұғалім мамандығын таңдайды. Егер осы мамандықтың сапасын көтеретін болсақ, оның материалдық жағдайын жақсартсақ, қыз-жігіттер бұл мамандыққа үлкен конкурспен түсер еді.

Дәулетхан Қыдырбайұлы: Солтүстік өңірдегі мектеп түлектерінің білім іздеп Ресейге ағылуы ойға қалдырады. Мұның себебі неде? Бұл елімізде оқуға түсу талаптарының жоғарылығынан ба, әлде ақылы оқу орындарының тым қымбаттығынан ба? Талапкерлер неге Ресейді немесе шетелді таңдайды?

Мұрат Бақтиярұлы: Ресми деректерге сүйенетін болсақ, 2016 жылы 32 мыңға жуық адам шетел асып кетсе, оның 80 пайызы Ресейге жол тартқан. Ал 2017 жылы олардың саны 37,5 мыңға жетті. Қоныс аударушылардың 70 пайыз дипломы бар азаматтар. Техникалық, экономикалық, медициналық, педагогикалық дипломы бар. Қыруар қаржы жұмсап оқытсақ та, олардың көшу үрдісі тоқтаған жоқ. Бұл – үлкен мәселе. Бізде тек Солтүстік Қазақстан емес, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай және Батыс Қазақстан облыстары – Ресейдің солтүстігімен шектесетін облыстар. Соған байланысты сараптама жасадық. Сараптама нәтижесінде осы облыстарда орта мектепті бітірген жастардың көпшілігі Ресей жоғары оқу орнына түсетіндігі белгілі болды. Оның басты себебі – Ресейдегі жоғары оқу орнының өкілдері ақпан айынан бастап аталған

аяқтағандар жұмыспен толық қамтамасыз етіледі. Жалақысы да Қазақстандағы айлықтан 2 есе жоғары. Азаматтарымыздың көрші елде білім алып, сол жақта қалып қоюының себептері осындай. Бұл үрдісті тоқтату мүмкін емес. Дегенмен, азайтудың түрлі жолы бар. Соның бірі – биылдан бастап қолға алынған техникалық мамандықтарға квотаны көп бөлу. Әр жоғары оқу орны мен облыстың гранттары да болуы керек. Балы кішкене жетпей қалған талапкерлерге 10-15 адамға арналған арнайы облыс пен оқу орнының гранты болса, нұр үстіне нұр емес пе!

Қазақстанда жастар өз мамандығы бойынша жұмыс таба алмай жатады. «Болашақ» деген бағдарлама болды, сол бағдарлама бойынша көптеген азамат білім алды. Енді осыған сараптама жасаған кезде АҚШ-тың Сан-Франциско қаласында 27 жыл аралығында 2 мыңға жуық Қазақстан азаматы білім алған. Олар шетелде ақыл-ойды қажет ететін мамандық бойынша жұмыс істеуде. 2000 адам – Қазақстанның ақыл-ойы өзге елді дамытуда деген сөз. Біз шетелде жүрген мықты мамандарымызды арнайы бағдарлама арқылы болса да елге қайтаруымыз керек. Ресейде, Әзербейстанда, шетелдерде қалып қойған мамандарымыз бар. Оларға қанша ақша төлеу керек болса, сонша қаражаттың ең үлкен тірегі. Үздіксіз реформаны күндіз-түні жасай бергеннен гөрі оның тактикалық, стратегиялық жақтарын халықтың ақыл-ойына қарай, жас интеллектуалды ортаға қарай бұрған дұрыс.

цемент өте өтімді болған. Жоғары сапалы өнімді алуға берілген тапсырыс мұлтіксіз орындалыпты. Сонда банкротты кім ойлап тапты?

Қалыптасқан мәселеге түсініктеме берген Мойынқұм ауданы әкімінің орынбасары Бақытжан Есеев зауыт тауары сатылмағанын, қарызға батқанын айтып ақталды. Есеевтің, тиісті қаражат уақытында кері қайтпаған. Сондықтан Қазақстан инвестициялық қоры жұмыстың тоқтауына себепші болған. Жыл болса аяқталып келеді.

Бұл салаға қаржы құж қоятын қатталы ешкім жоқ, инвесторға иек арта қоятын да сала емес. Жалақысыз жүруге дағдыланған жұмысшылар амалсыз келер жылды күтеді...

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Жетпегені осы еді...

(Басы 1-бетте)

Жұрт төрт жыл бойы толық қуатымен тоқтаусыз жұмыс істеп, жылына 500 тоннадан астам өнім берген зауыттың неліктен тоқырауға ұшырағанын түсінбей дал. Электр жүйелері қызметінің бастығы Андрей Савельев өзі жұмыс істеген үш айда жұмысқа қабылданғанын немесе қабылданбағанын да білмейді. Еңбек шарты да, жалақы да жоқ. Зертхана менгерушісінің орынбасары Ирина Балыбинаның айтуынша,



ЖАМБЫЛДА ЖҰМЫСШЫ ЖҮР ЖАЛАҚЫСЫЗ

Қай елде де, қай заманда да ең басты байлық, ол – денсаулық. Ет пен сүйектен жаралғандықтан ауырмай, сырқамай тұрмайсың. Сонда алдымен жүгінетініміз – дәрігер. Денсаулық сақшысының дұрыс емі мен жылы сөзі алдағы күніңе үміт отын сыйлайды.

үшін ұлттық телемедицина желісі кеңейтіліп, колданыстағы жүйе шенберінде ақпараттық технологиялар жетілдіріледі. Көзделген жоспарды іске асыру және ақпараттық жүйелерді тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін сала мамандарын ақпараттандыру мәселелері жөнінде оқыту бойынша кең ауқымды іс-шара жүзеге асырылады» деп көрсетілген.

Алматы облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Бауыржан

МЕДИЦИНА: ЦИФРЛАНДЫРУ ҮРДІСІ

Алматы облысы тұрғындарының саны жыл санап көбейіп келеді. Соған орай, медицина мамандарының да жауапкершілігі күшейіп, ем-дом жүргізу әдіс-тәсілі де жаңалануда. Өңір мамандары жүрекке, көзге ота жасау, буынға ота жасау жағынан тамаша тәжірибе жинақтады. Нәтижесі бәрекелді дерлік! Аталған отаны жасау үшін шетелдік заманауи құрал-жабдықтар сатып алынууда. Оны басқару үшін мамандар арнайы оқытылууда. Ең бастысы, Алматы облысында денсаулық сақтау саласын цифрландыру қарқынды жүргізілуде.

Медицинаны цифрландыру Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында нақты көрсетілген. Мәселен, аталған бағдарламада «Медициналық көмектің интеграцияланған үлгісін іске асыру шенберінде науқастардың медициналық қызметкерлердің қабылдауына өз бетінше онлайн арқылы жазылуы, шынайы уақыт режимінде кеңес беру және емделушілерді жеке стационарлық компьютер мен смартфонды пайдалана отырып бақылау кезең-кезеңімен енгізіледі. Кластерлік жүйенің жұмысын басқару және үйлестіру



Ыскақтың айтуынша, өңірдегі медициналық мекемелер сандық жүйеге осы жылдың аяғына дейін толық көшеді. Қазір медицина мекемелері компьютермен жабдықталуда. Сонымен қатар сандық қызмет көрсету мәселесі алдағы жылдарда түбегейлі шешіледі. Өйткені, жоспар бойынша биыл барлық мекемелерді компьютермен қамтамасыз ету қарастырылған. Қазірдің өзінде интернет жүйесіне облыс деңгейіндегі 18 медициналық мекеме, 19 аудан мен қала ауруханалары,

29 ауылдық аурухана және 216 дәрігерік амбулатория қосылған. Сонымен қатар денсаулық саласында медициналық ақпараттарды автоматтандыру және статистикалық мәліметтерді жылдам алу мақсатында медициналық ақпараттық жүйе енгізілуде. Іске қосылған жүйе халық денсаулығының жақсаруына өз үлесін қосады.

Медициналық ақпараттық жүйе дәрігерлердің науқасты емдеп, нақты диагноз қоюына және квота мәселесін аз уақыт аралығында рәсімдеуге ықпал етуде. Қазіргі таңда Алматы облысы көлеміндегі 511 медициналық ұйым медициналық ақпараттық жүйеге қосылған.

Десе де, өңірдегі емханаларда маман тапшылығы айқын байқалады. Бір ғана гинекология саласында 95 маман жетіспейді. Атап айтар болсақ, 26 акушер-гинеколог, 19 неонатолог, 19 педиатр, 31 реаниматолог маман қажет. Орын алған осы мәселелерді шешудің жоспарын жауапты мекемелер қарастырып жатыр. Мәселен, дәрігерлердің білімін жетілдіру, жаңа құралдармен қамтамасыз ету, педиатр мамандар санын 77,4 пайыздан 81,5 пайызға көтеру сияқты нақты жұмыс жоспарланған. Мамандарға ұтымды

заттардың және мамандандырылған емдік өнімнің тізбесін бекіту туралы» бұйрық бар. Бұйрық 1 қаңтардан бастап күшіне енген.

Жаңа бұйрықта амбулаторлық негізде тегін қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ »

Бүгінгі таңда өңірлерде медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу бойынша қарқынды жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, денсаулық сақтау ұйымдарының компьютерлік техникалармен жабдықтау, олардың интернет желісіне қолжетімділігін қамтамасыз ету бағытында оң өсім байқалады.

Денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық ақпараттық жүйелерді енгізу үлесі қазір 75,5 пайызды құраса, 2019 жылдың 1 қаңтарында бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізу жоспарланған. Дәрігерлер мен орта медициналық қызметкерлерді компьютерлік техникалармен қамтамасыз ету 82,7 пайызды құрайды. Ал денсаулық сақтау ұйымының 55,7 пайызына интернет желісі қолжетімді.

Елжан БІРТАНОВ,
денсаулық сақтау министрі

тізбесі бекітілді. Тізбеде көрсетілген 48 аурудың қатарына әлеуметтік маңызы бар артериалдық гипертензия, асқазанның ойық жарасы, тыныс демікпесі, қатерлі ісік, туберкулез, гематологиялық аурулар, гемобластоз, аплазиялық анемия, балалардың церебралдық сал ауруы, психикалық ауру, АИТВ инфекциясы сияқты кесел кіреді.

Сандық жүйеге көшу медицина саласындағы бірқатар мәселелердің оң шешім табуына ықпал етті. Осыдан біраз уақыт бұрын қант диабеті және балалар миының салдануы (ДЦП) сияқты сырқат түрлері тегін медициналық көмек көрсетілетін әлеуметтік маңызы бар ауру тізімінен шығарылатыны туралы ақпарат тараған. Осы мәселеге байланысты Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов тегін дәрімен қамтамасыз етілетін ауру тізімі қысқартылмайтынын, керісінше, медициналық сақтандыру аясында дәрі-дәрмек тегін берілетін сырқат тізімі біртіндеп кеңейтілетінін айтты.

Денсаулық саласына әлімізде ерекше көңіл бөлінген. Болашақта да әлеуметтің өзекті мәселесі күн тәртібіндегі басты тақырып болып қала береді. Демек, елмен бірге Жетісу өңірінде де денсаулық сақтау саласы өркендеп, дами беретін болады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың биылғы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып табылатынын және ауылдық жерлерде медициналық-санитариялық алғашқы көмектің (МСАҚ) қолжетімділігі туралы жан-жақты атап өтілді. Бұл мәселе денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасында да қамтылған және нақты бағыт-бағдары айқындалған. Сондықтан ұлт денсаулығын сақтауға қатысты маңызды мәселелер назардан тыс қалмауы және сала мамандарының назарында ұдайы жүруі тиіс.

Осы айтылған мәселелерге қатысты Жамбыл облысында да біршама жұмыс жүргізілуде. Сала жетекшілері мемлекет басшысының тапсырмаларын мұлтіксіз орындау мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Мәселен, ауылдық жерлерде медициналық-санитариялық алғашқы көмектің қолжетімді болуы қатаң қадағаланып, осы бағытта барынша тиімді жұмыстар атқарылууда. Осы заманғы медицина жетістіктерімен қатар мамандардың біліктілігіне де баса көңіл бөлініп келеді. Алдағы мақсат-міндеттер де айқындалып, қолға алынған қыруар шаруаның тиісті жемісін көру ниетінде барлық шаралар жасалуда.

«МСАҚ жұмысының басымдығы ана мен баланың денсаулығын нығайту болып қала береді. МСАҚ түрлі аурулар, оның ішінде перинаталды көмек кезінде медициналық көмекті аймақтандыру бағдарламаларының негізгі деңгейі болады. Андрологиялық қызметтің ұйымдастырылуын жетілдіру, ерлердің репродуктивті жүйесінің ауруларының профилактикасы мен заманауи емдеудің тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар жүргізіледі»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан)

Жамбыл облысына алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуге арналған 95 нысанының құрылысын салу қажет. Осы бағыттағы жұмыстардың алғашқы көріністері де назар аударарлық. Мәселен, жыл соңына дейін мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шенберінде 30 нысанды пайдалануға беру жоспарланып

отыр. Сонымен қатар 2019 жылы – 40, 2020 жылы 25 нысан іске қосылып, ғимаратпен қамту көрсеткіші 100 пайызды құрайтын болады. Бұл бір аймақ үшін жақсы көрсеткіштер.

Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету және азаматтарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына тіркеу қағидаларын бекіту туралы заңға сәйкес азаматтарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек ұйымдарына бекіту тәртібі нақты қарастырылған. Мәселен, МСАҚ ұйымына бекіту азаматтың МСАҚ ұйымын еркін таңдау құқығын ескере отырып, тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша бір әкімшілік-аумақтық бірлік

шегінде (ауыл, кент, қала) жүзеге асырылады. Мемлекеттік бағдарламада «Азаматтың МСАҚ маманын еркін таңдауы бөлімшедегі бекітілген азаматтардың санын есепке ала отырып, тіркелген жері бойынша МСАҚ ұйымының шегінде жүзеге асырылады» деп жазылған. «Денсаулық» бағдарламасында медициналық алғашқы көмектің әмбебаптығы одан әрі қызмет көрсетудің отбасылық қағидатына өтудің есебінен қамтамасыз етіледі. Қызмет көрсетудің отбасылық қағидаты организмнің әрбір жас кезеңіндегі ерекшеліктерін ескеріп, профилактикаға баса назар аудары отырып, өмір бойы адамның денсаулығына бақылау жасауды көздейтіні айтылады.

МСАҚ психологтарды, әлеуметтік қызметкерлерді, мейіргерлерді, фельдшерлерді, акушерлерді және көмекші персоналды тарту арқылы кешенді медициналық және әлеуметтік қызметтер ұсынуды қамтитын медициналық-әлеуметтік алғашқы көмек қызметі ретінде қарастырылады. Әлеуметтік қорғау органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, әлеуметтік және психологиялық қолдау мен мультибейінді патронаж қамтамасыз етеді.

Жамбыл облысында бюджет қаражатын тиімді пайдалану бағытында атқарылған шара негізінде 95 нысанның құрылысын жүргізу мерзімін 7 жылдан 4 жылға, құрылысқа жұмсалатын 6567,6 млн теңге бюджет қаражатын нысандарды мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салу арқылы 2376,0 теңгеге дейін қысқартып, нәтижесінде 4192,0 млн теңге қаржыны үнемдеуге мүмкіндік туы.

Ал созылмалы аурулардың себептерінен өлім көрсеткішін төмендету мақсатында, емдеу ісін басқару бағдарламасы 20 емханаға енгізілді. Барлығы 180 маман оқытылды.

Жалпы диспансерлік есепте тұрған тұрғындар саны – 78 259 наукас. Оның ішінде 8688 наукас бағдарламаға енгізілді. Қамтылуы 11,1% -ға жетіп отыр. Жылдың соңына дейін 20% -ға қол жеткізіледі.

Қазақстанда медициналық көмек көрсету деңгейлері арасында кадрлық қамтамасыз етудегі теңгерімсіздік байқалады. Медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету және ауыл деңгейінде тапшылық, стационар деңгейінде артықшылық бар. Орташа алғанда, 1 МСАҚ

«МСАҚ-тың тұрақты дамуын қамтамасыз ету, оның толықтығы мен тартымдылығын арттыру үшін мамандар тартудың үлкен тәтіктігі жетілдіріледі, амбулаториялық деңгейде мемлекет қамтамасыз ететін дәрілік заттардың тізбесі кезең-кезеңімен кеңейтіледі. Халық денсаулығына ең ауыр әсер ететін ауруларды ерте анықтау жөніндегі түйінді скринингтік бағдарламаларды одан әрі дамыту, сондай-ақ олардың тиімділігіне үнемі мониторинг жүргізу және бағалау қамтамасыз етіледі»

«Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасынан»

Денсаулық сақтау ұйымдарында медициналық құжаттаманы қағазсыз жүргізуге 121 нысанның 111-і көшті. Жыл соңына дейін толығымен енгізіледі. Ал тұтас Жамбыл облысы бойынша 11

ОЗЫҚ МЕДИЦИНА – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



дәрігері 2200-ге жуық тіркелген тұрғынға қызмет көрсетеді, ал ЭЫДҰ елдерінде оның жүктемесі айтарлықтай төмен – 1500 адамнан аз. МСАҚ деңгейінде орта медициналық қызметкерлердің жетіспеушілігі орын алып отыр. Оңтайлы арақатынас 2-3 болғанымен, 1 ұчаскелік дәрігерге 1,1 мейіргерден келеді.

Осы бағдарламаның жаңа тәсілдерін енгізген аумақтық медицина қызметкерлерінің жалақысы кезең-кезеңімен 20 пайызға көбейтілетін болады. Ал жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компоненті енгізілгеніне қарамастан, Қазақстанда ЖПД-ның орташа жалақысының экономикадағы орташа айлық жалақыға арақатынасы 1,0-ді құрайды. Нәтижесінде, жедел жәрдем қызметіне жүгіну көрсеткіші азаяды және ауруханаларға жатқызу төмендейді.

2018 жылдың 9 айлық қорытындысымен 1 жалпы практикалық дәрігерге (ЖПД)-ге 1696 адам тіркелген (*республикалық көрсеткіш 1 дәрігерге – 1700*). Быыл 1 жалпы практикалық дәрігерге жүктемені азайту мақсатында 30 дәрігерлік мекеме ашылады. Бұл мемлекеттік «Денсаулық» бағдарламасының жоспарлы көрсеткішіне (1672) қол жеткізіледі деген сөз.

медициналық ұйымға Е – Кезек электрондық кезекті енгізу үшін жергілікті бюджет есебінен 73,0 миллион теңге бөлініп, жыл соңына дейін игеріледі.

Тұрғындардың электронды денсаулық паспорттарын жасау бойынша, қазіргі таңда 43 денсаулық сақтау мекемесінде жалпы 8686 медициналық қызметкер ақпараттық жүйелерде жұмыс істейді. Ақпараттық жүйелерге 586 394 электрондық денсаулық паспорты енгізілген. «Халықты тіркеу регистрі» ақпараттық жүйесінде тіркелген халық саны 52,7%-ды құрады. Бұл 2019 жылдың 1 қаңтарында 100 пайызды құрайтын болады.

Өңірдегі онкологиялық диспансерінің құрылысы бойынша, қатерлі ісіктің аурушандығын, өлімін төмендету және онкологиялық қызметтің сапасын арттыру мақсатында, 2018 жылы облыста онкологиялық диспансер құрылысы жүргізілуде. Оған республикалық бюджеттен 250,0 млн теңге, жергілікті бюджеттен 83,0 млн теңге бөлінген. Құрылыс жұмыстарының жалпы құны 13900,0 млн теңгені құрайды, аяқталу жұмыстары 2020 жылға жоспарланған.

Толқын ӨМІРБАЕВА,
Жамбыл облысы

Көз – адамның көру мүшесінің ең нәзік бөлігі. Жанардың жарқырап тұруы денсаулықтың жақсы екенін көрсетеді. Қазір елімізде тыныс алу, жүрек қан-тамыр, ас-қорыту жүйесі ауруларынан кейінгі орында көз ауруы тұр. Бүгінгі таңда көз ауруларын емдеудің қандай озық, заманауи технологиялары мен әдістері қолданылады? Медицина саласындағы жаңалықтар қалай енгізілуде?

Бұл туралы медицина ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институтының директоры Марат Сүлейменов әңгімелеп берді.

Jas qazaq: Қазіргі таңда көз ауруларын емдеуде қандай жаңа технологиялар мен әдістер қолданылады?

Марат Сүлейменов: Қазақ көз аурулары институты елімізде көз ауруларын емдейтін бірден-бір орталық. Көз, көз айналасындағы қосымша құрылымдар: қабақ, қас, көз жас безі, көз жас өзегінен тұрады. Бұл құрылымдар көздің қызметімен тікелей байланысты. Соңғы кезде азиаттық көзді, еуропалық көз үлгісіне ауыстырғысы келетіндердің қатары көбейді. Бұл әдіске де біздің орталықтың мамандары жаңалықтар енгізуде. Соның бірі – блефаропластика отасы. Блефаропластика – көздің, қабақтың айналасындағы кем-кетікті жою, көзді үлкейту. Бұл отаны жасаған кезде сығыр көздер үлкейеді. Аталған әдіс көздің көру мүмкіндігіне

Шетелдерде наукастар дәрігерге дер кезінде барып, нәтижесінде диагнозы да ерте анықталады. Өкінішке қарай, біздің елде наукастар ауру асқынған кезінде келіп жатады. Соңғы уақытта қуантарлығы, озық технологияны қолдану аясында көз аурулары дер кезінде анықталып, сараптама жасап, белгілі ем қабылдау жолға қойылып келеді.

Jas qazaq: Институтта қызметке жас мамандарды тарту жағы қалай жүзеге асырылуда?

Марат Сүлейменов: Колына бакалавр дипломын алған медицина университетінің түлегі 3 жыл мерзімде оқуын біздің институтта жалғастырады. Қазіргі таңда 70 резидент білімін жалғастыруда. Жас мамандар тәжірибелі, білікті дәрігерлердің қасында жүріп үйренеді. Осы аралықта жас мамандар ота жасауға қатыспайды. Оқу мерзімі аяқталып, мамандығы бойынша жұмыс істеуіне мемлекеттік сертификат алғаннан кейін толыққанды маман иесіне айналады.

Дәрігер өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарауды талап ететін мамандық. Бізде шетелдік мамандармен тәжірибе алмасу жақсы жолға қойылған. Білікті мамандарымыз үнемі ізденіс үстінде жүреді. Ақпарат алмасу,

Марат Сүлейменов:

Денсаулық сақтау – қоғамның әлеуметтік өмірінің маңызды саласы. Бірнеше рет қайта құруларды басынан кешіріп, алдағы уақытта да дамытылуы

DENSAÝLYQ

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Марат СҮЛЕЙМЕНОВ:

ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ПАЙДАСЫ МОЛ



Фото: bnews.kz

ешканды әсерін тигізбейді. Аз уақыттын ішінде отанын орны бітіп кетеді.

Бұл ғылыми әдіс-тәсіл болмағанымен, мамандарымыз отаны жасауда арнайы құрылғыларды қолдануда. Сонымен қатар қалай, қай жерін кесу керектігі алдын ала зерттеліп, маркермен белгіленіп, барлық жұмыс жоспарлы түрде жүргізіледі. Офтальмологияда қателесуге жол берілмейді. Сондықтан мамандарымыз әрбір отаны жасамас бұрын терең зерттеулер жүргізеді. Көздің мөлдір қабығы – көздегі ең маңызды бөліктің бірі. Мөлдір қабық көзді сыртынан қоршайды және жарықты өткізеді. Көздің мөлдір қабағы бес бөліктен тұрады. Мөбінесе адамдарда белгілі бір сыртқы органдың әсерінен көздің мөлдір қабығының қараюы ауруы пайда болады. Бұл жағдайда көздің мөлдір қабығы түгел ауыстырылады.

Жоғарыда атап өткендей, көздің мөлдір қабығы бес бөліктен тұрады. Қазіргі таңда біздің мамандар көздің мөлдір қабығын түгелімен ауыстырмай, үшінші немесе төртінші бөлігін ауыстыру әдісін қолдануда. Бұл бір жағынан адам көзінің мөлдір қабығын табиғи түрде сақталып қалуына септігін тигізеді. Институтта көз жанарының қараюы, көздің ішкі қысымының жоғары көтерілуі, көз бұрышының бұлдырауы секілді басқа көз ауруларына білікті мамандардың қатысуымен ота жасалады. Көз аурулары отасы хирургиялық жолмен немесе препараттар енгізу жолымен жасалады. Институттағы жаңа қондырғылар ауру белгісін ерте әрі нақты анықтап, дұрыс ем-дом қолдануға септігін тигізуде. Жаңа технологияның пайдасы өте зор. Өйткені озық құрылғылар арқылы наукастың емделу мерзімі де қысқарды. Мысалы, көз жанарының қараюы отасынан кейін наукас 7 күн бойы ем алса, қазір ол 4 күнге дейін қысқарды. Егер жеңіл ота болса 1 күн ғана ем алады.

цифрландыру аясында дәрігерлердің бір-бірімен тәжірибе бөлісуіне, пікір алмасуына ешқандай кедергі жоқ.

Jas qazaq: Институтта ота ақылы түрде жасала ма? Мемлекеттік квота болмаған жағдайда қандай да бір жеңілдіктер бар ма?

Марат Сүлейменов: Институт республикалық орталық болғандықтан, еліміздің түкпір-түкпірінен емделушілерді қабылдайды. Ота ақылы және мемлекеттік портал арқылы тегін жасалады. Мемлекеттік портал дегеніміз – емдеуге жатқызу бюросының жолдамасы. Оның негізгі мақсаты – азаматтардың

«Ұлттық денсаулық сақтау жүйесін орнықты дамытуда және тиімділігін арттыруда халық пен жұмыс берушілердің ынтымақтастығын дамыту мақсатында, сондай-ақ денсаулық сақтауға жұмсалатын мемлекеттік және жеке шығындардың өсуі салдарынан болатын қаржылық қатерлерді жою мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) жүйесі енгізіледі»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

медициналық ұйымды еркін таңдау құқығын, тегін медициналық көмектің қолжетімдігі мен ашықтығын қамтамасыз ету. Арнайы жолдамамен келген наукастың шығынын мемлекет өтейді. Сонымен қатар озық технологияны, қымбат дәрі-дәрмекті де қажет ететін оталар болады. Осы тұста медициналық көмек ақылы түрде жүзеге асырылады.

Jas qazaq: Еліміздегі Денсаулық сақтаудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында қандай шаралар атқарылды?

жоспарланып отырған ұлт денсаулығы – еліміздің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі болып табылады. Бүгінгі таңда денсаулық сақтау саласын жетілдіру үшін орасан зор қаржы бөлінуде, жекеменшік секторды қоса отырып, қаржыландыру мен басқарудың жаңа әдістері енгізілуде. Дәрігерлерді оқыту мен олардың қызығушылығын арттыру бойынша жаңа кадр саясаты қалыптасуда. Осының бәрі қолданыстағы заң аясында өзара үйлесімділікпен дамуда. Мемлекеттік бағдарламалар медицина саласының сапасын жоғарылатуға арналған бастама болып табылады. Осыған сәйкес медициналық қызмет көрсетуді жақсартуға септігін тигізеді. Бағдарламаның басты мақсаты – халыққа қолжетімді әрі сапалы медициналық қызмет көрсетумен қатар, әрбір азаматтың ойын өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауына бағыттау.

Соңғы жылдары медициналық қызмет көрсетудің сапасы жақсарды. Өйткені Елбасы тарапынан, тіпті үкімет тарапынан денсаулық сақтау саласын дамытуға жіті назар аударылуда. Ал мемлекеттік бағдарлама жоспарлы түрде белгілі бір тапсырмаларды жүзеге асыруға бағытталған.

Jas qazaq: Көз аурулары институты жанында америкалық көздің мөлдір қабығы банкмен келісімге келді. Бұл елімізде көздің мөлдір қабығы жетіспейтін наукастардың донор мәселесін шешуіне көмектесе ме?

Марат Сүлейменов: Бұрын отандық дәрігерлер зақымдалған көз қабығын ауыстыру үшін оның барлық қабатын толықтай алып тастап, басқа қабық салатын. Енді мөлдір қабықшаны ішкі жағынан ауыстыру тәжірибеге енгізілуде. Бұл әдіс көз жанарын толық ашумен тігіс жасауды қажет етпейді. Сәйкесінше, операциядан кейін емделуші тез оңалып, көру қабілеті жақсарлады. Жаңа әдіс біздің институт пен америкалық көздің мөлдір қабығы банкмен жасалған келісімдерінің арқасында енгізіліп отыр.

Республика бойынша көз қабығын ауыстыруға мұқтаж 200-ге жуық емделуші бар. Елімізде донорлық жолға қойылмағандықтан, жанары зақымдалған жандар көз қабығын ауыстыру операциясын ұзақ күтуіне тура келетін. Бұрын біздің дәрігерлер 100-120 адамға көздің мөлдір қабығы трансплантациясын жасайтын. Донор тапшылығы болмайтын. Соңғы жылдары елімізде әртүрлі нанымдар бойынша трансплантологияға келісім беру тоқтады. Ал көздің қасаң қабығын айырбастауға мұқтаж адамдардың саны жыл санап артып келеді. Осыған орай біз америкалық көздің мөлдір қабығы банкмен келісімге келдік. Олар бізге 14 күнге жарамды консервіленген көздің қасаң қабығын жібере алады. Біздің елде донор болу презумпциясы бірте-бірте жолға қойылып келеді. Алдағы уақытта өз елімізде де донор болуға келісім беретіндер қатары көбейеді. Ең басты донор мәселесіне

келгенде халықты толық ақпаратпен қамтамасыз етуіміз керек. Түсіндіру жұмыстары да дұрыс жүргізілгені жөн. Өйткені әрбір адам донорға мұқтаж адамның өміріне қажет екенін білуі тиіс.

Jas qazaq: Елімізде енгізілетін міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне маман ретінде көзқарасыңыз қандай?

Марат Сүлейменов: Міндетті әлеуметтік сақтандыру бізге керек. Өйткені бұл жүйе еліміздің азаматтарына сапалы медициналық қызмет көрсетумен қатар, елдегі денсаулық сақтау саласының әлеуетін арттыруға бағытталған. Сондай-ақ медициналық препараттарға деген қолжетімділікті қамтамасыз ету. Дәл қазір дәрі-дәрмек тапшылығы қазақстандықтарды әбігерге түсіріп жатқанын көзбен көріп отырымыз. Әсіресе, мемлекет тарапынан тегін берілуі тиіс дәрілер тапшы болып барады. Ал міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру осы проблеманы шешуге де бағытталған. Қорға аударылатын қаражат халықтың қалтасына салмақ салмайды. Әркім мүмкіндігіне қарай ақша аударады. Бірақ, кімнің еміне қанша ақша керек, соны алады. Аз төлесен, емделудің сапасы да төмен болады деп ойлаудың мүлдем қажеті жоқ. Жағдайы барлар да, жағдайы төмендер де медициналық көмекке бірдей қол жеткізе алады. Шектеу жоқ. Міндетті медициналық сақтандыру жоспарланбаған

«ҒЫЛЫМИ құзыреттерді дамыту, стратегиялық басым бағыттар бойынша оқыту мен ғылыми тағылымдамалардың орта мерзімді бағдарламасы әзірленеді. Ғылыми кадрлармен алмасу дамытылады және ғылыми жұмыстың халықаралық стандарттарына үйретуде, оның ішінде зерттеулердің дизайны мен әдіснамасын жасауда, ғылыми еңбектерді рәсімдеуде көмек көрсетіледі»

(Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Медициналық сақтандыру — денсаулық сақтаудағы халықтың мүддесін әлеуметтік қорғаудың түрі, медициналық көмек қажет еткенде сақтандырылған жағдай бойынша науқасқа жинаған қаржы кепілдік болады. Негізінде медициналық сақтандырудың екі түрі бар. Ол — міндетті медициналық сақтандыру және ерікті медициналық сақтандыру.

Міндетті медициналық сақтандыру кез келген тұрғынды медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді. Оның басты мәні де сонда. Медициналық сақтандыру ең алдымен адамды өз денсаулығына жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, сақтандыру қорына жарна төлеу арқылы азаматтар қалаған аурухана мен емханадағы дәрігеріне барып, емделуге медициналық сақтандырудың екі түрі бар. Ол — міндетті медициналық сақтандыру және ерікті медициналық сақтандыру. Міндетті медициналық сақтандыру кез келген тұрғынды медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді. Оның басты мәні де сонда. Медициналық сақтандыру ең алдымен адамды өз денсаулығына жауапкершілігін арттырады. Сонымен қатар, сақтандыру қорына жарна төлеу арқылы азаматтар қалаған аурухана мен емханадағы дәрігеріне барып, емделуге медициналық сақтандырудың екі түрі бар. Ол — міндетті медициналық сақтандыру және ерікті медициналық сақтандыру.



Фото: bnews.kz

шығындардың да алдын алады. Ауру айтып келмейді ғой. Денсаулық кенеттен сыр беріп жататын кез болады. Емделу — қазір қып-қызыл ақша. Жұрттың бәрінде ақша бар деп айта алмаймыз. Халықтың көбі айлық-жалақыларын жоспарлап жұмсайды. Денсаулық сыр бергенде осы жоспар бузылып жатады немесе қарыз алуға мәжбүр боласын. Ал, сақтандыру жүйесі енгізілгеннен кейін ешнәрсеге алаңдамай, қалтаныздан бір тиын шығармай, қалаған дәрігеріңізге барып емделе бересіз.

енді емдеу мекемелері арасында бәсекелестік басталатыны сөзсіз. Өз кезегінде бәсеке медициналық қызмет көрсетудің сапасын арттырады. Көбірек пайда табуға тырысқан медицина қызметкерлерінің емделушілерге барынша сапалы қызмет көрсету көрсеткіші жоғарылайды. Өйткені емделушілер қай дәрігерге баратынын өзі шешеді.

**Сұхбаттасқан
Макпал
НОҒАЙБАЕВА**



E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Лөбіз

Тәуелсіздігімізді алып, өтек-жеңімізді енді жинай бастаған тұста ел болған жұрттың жаңа астанасын салу қажеттігі айтыла бастады. Орынбор, Қызылорда, Алматы қалаларын астана етіп үйренген халыққа жаңа астана төңірегінде ой қозғау ыңғайсыз көрінгені мәлім. Бұрын Ресейдің, сосын коммунистік империяның отары болдық. Одақтас республика деп дабыдытапй айтқанмен өз елімізде, өз билігіміз жүрмеді. Қандай мәселе болсын тек Мәскеуге жәуғөңдеумен өткеніміз баршаға мәлім. Тәуелсіз мемлекеттің туы, мемлекет әнұраны, елтаңбасы, өз ақшасы, мемлекеттік тілі, астанасы туралы сөз қозғау «ұлтшылдыққа» апарып соғатынынан сөскеніп, қарадай қуыстанғанымыздың еш жалғандығы жоқ.

Десе де, ел тағдыры өз қолымызға тиген соң ғасырлар бойы ұлы арманға айналған, күрмеуі қиын мәселелерге батыл кірісе басталық. Ұлттық рәміздерді біржақты шешіп алған соң енді астана жайлы ойларға ойысты. Туған жеріне ту тігетін тәуелсіз елдің көк байрағы еркін желбірейтін астанасы қай тұстан салынатыны таразыға түсті. Өйткені, астананы ауыстыру — мемлекеттік дамудың келешегін толықтай жүзеге асыруға саятын жұмыс. Ақыры қуатты мемлекетінің төл астанасы қасиетті казак жерінің кіндігіне де, Еуропа мен Азияның құшағы қауышқан Ақмола қаласында орын тебуі қажет деген шешімге тоқтады.

МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ БАС ҚАЛАСЫ

Ел астанасын таңдағандағы басты критеріі — «Орталық Азияның көлемінде, Ауғанстаннан Батыс Сібірдің ең қиын солтүстік шегіне дейін, Каспийден Монғолияға дейін кең аумақта құлаш жая орналасқан жана астананың осы аймақтағы орасан зор инвестиция легі ағылған орталыққа айналуы. Тынық мұхит жағалауынан Еуропаға дейін созылған коммуникациялық сонарлардың қиылысында орналасқандықтан, ол болашақта ірі транзиттік тораптың өткізгіш түйініне үмітті болады және келешек жүзжылдықтың көлік-коммуникациялық дабылына айқын үндестік білдіретін болады», — деп түйінделді.

Рас, болашақ астананың тоғыз жолдың торабында орналасуы оның экономикалық, әлеуметтік мәселелерді шешуге икемділігін жокқа шығармайды. Бастысы, оның экологиялық жағынан икемділігі ескерілгенінде.

Сонымен 1996 жылдың 6 шілдесінде Қазақстан Үкіметі «Қазақстан Республикасының астанасын көшіру туралы» тарихи қаулы қабылдады. Ал 1997 жылдың 20 қазанында Президенттің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» аса маңызды Жарлығы шықты. Осы құжатқа сәйкес Ақмола астана құқығын осы жылдың 10 желтоқсанынан бастап иеленді және жана астананың ресми тұсаукесер тойы 1998 жылдың 10 маусымына белгіленді. 1997 жылғы 8 қарашада Ақмола орталығында басты мемлекеттік рәміздерінің жеткізілуі салтанатты жағдайда өтті. Осы күндері жана астанаға Президент әкімшілігі,



Үкімет, жетекші министрліктер мен ведомство қызметкерлерінің алғашқы тобы келді.

1997 жылдың 10 желтоқсанында Президент, Үкімет пен Парламент басшылары Қазақстан астанасы туралы ел халқына арналған үндеуге қол қойып, ол баспасөзде жарияланды. Онда байтақ елдің орталығында осы күннен бастап және ғасырлар бойы халық тағдыры үшін түбегейлі әрі маңызды шешімдер қабылданатыны айтылған. Бұл жайында Елбасы «Еуразия жүрегінде» кітабында «Мен Ақмолаға кетіп бара жатқан Президент әкімшілігінің қызметкерлеріне ақ жол тіледім. Өз сөзімде астананы көшірудің бір маңызды қырына тоқталдым. Астананың қоныс аударуына байланысты іс жүзінде биліктің өзін реформалаудың жаңа кезені басталды. Жаңа елордада мемлекеттік қызметшілердің тулқынын қалыптастыратын боламыз. Бұл жұмысты орталық мемлекеттік органдар қызметкерлерінен бастаймыз. Бастапқы кезде қиыншылық болмайтынына кепілдік бере алмайтынымды айттым», — деп жазды. Қазіргі Астана қаласының төрт жағында да тау жоқ, жазық дала, еңдеше бір жактан

соққан жел екінші жакка бар кір-қокыс, түгінді айдап кетіп, ауа жаңаруға еш кедергі жоқ. Даланың самал желіне кеудесін айқара ашқан қала ауасы таза, байтақ сахараның өмір шырынынан нәр алған тіршілік қызықтарына толы. Айта кетерлігі, Ақмоланы (*қазір Астана*) астанаға айналдыруға, қала құрылысын жүргізуде әлемге әйгілі архитекторлардың кеңесіне мән берілді. Соның бірі — Э.Говард пен Ле Корбюзье XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың отызыншы жылдарының өзінде жай қала емес, қала — бақ салуды ұсынады. Олардың ойынша, мұнда қалалардағы тұрғын үй ғимараттары жасыл желек теңізіне шомылған шағын аралдар сияқты болуы тиіс. Сәулет өнерінің жауһары саналатын Астананың бас сәулетшісі Нұрсұлтан Назарбаев қаланы салуда Говард пен Корбюзьенің ойларын ескерген. Мұны Елбасының өзі де «Ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулетті ландшафты бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы, болашаққа қол созған, өзгені сыйлап, өзінің жана астанасы мен өз елін шексіз мақтаныш тұтатын көпұлтты және көпінділі халқы бар әсем де мейірілі Астана... Біздің Астана сәулет өнерінің жауһар



туындыларына, үздік үлгідегі ескерткіштеріне, алуан гүлдермен өрнектелген бау-бақшаға оранған, Шығыс пен Бағыстың ең озық, рухани құндылықтарын талғаммен бойына жинаған жоғары мәдениетті қалаға айналды», — деп сүйсіне еске алады.

Мүлдем жана астана салу онай жүзеге асатын шаруа емес, маман құрылысшы, қыруар қаржы қажеттігін әркім-ақ түсінеді. Оны салуға тартылған инвестиция көлемі 2 миллиард долларды құрады, соның 70 пайызы өз инвестициямыз. Дәтке қуат етеріміз, өз бас қаламызды салуға қазір жағдайымыз көтеретін әлем таныған беделді мемлекетке айналдық. Орталықтың Астанаға көшуінің тағы бір себебі — казак елінің топырағы құнарлы, әсем, шаруаға жайлы, тұрмысқа қолайлы аймағы солтүстік бес облыста жатқандығында. Ақмола, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан облыстарының негізгі тұрғыны өзге ұлт болғандықтан, Елбасымыз казактардың онтүстік аймақтан солтүстікке өз қалауымен қоныс аударуына жол ашты. Қазір казактар тығыз қоныстанған Семейден Өскеменге, Жезказғаннан Қарағандыға, Торғайдан Қостанайға, Көкшетаудан Қызылжарға, онтүстік облыстардан Астанаға көш түзеуде.

Бүгінде Астана халықаралық маңызы бар түрлі форумдар, конгрестер мен өзге де іс-шаралар өтетін Еуразия кеңістігінің орталығына айналды. 2008 жылы Астанада әлемдік деңгейдегі Ұлттық биотехнологиялық орталықтың ғимараты салынды. Әлемдік нарықта біздің экономикалық мүддеміздің



негізгі міндеті болып табылатын — ірі ұлттық компанияларды біріктірген «Самұрық-Қазына» мемлекеттік холдингі құрылды. Елордада әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері, Астана экономикалық форумы және өзге де маңызды халықаралық оқиғалар тұрақты түрде өтіп келеді. Астанада ЕҚЫҰ-ның, ШЫҰ мен ИЫҰ-ның мерейтойлық саммиттері ұйымдастырылды. 2011 жылдың басында елорда VII қысқы Азия ойындарының қатысушылары мен қонақтарын қабылдады. Ал бытырғи ЭКСПО — 2017 халықаралық көрмесін жоғары деңгейде ұйымдастырды. Бүгінгі Қазақстан — әлеуметтік-экономикалық дамуы қарқынды, қоғамдық-саяси құрылымы берік, кешегі барлық кедергіден өтіп, тұрақтылық пен ынтымақтың, бірліктің туын тіккен, әлем таныған ел. Демек, осындай дарқан дала төсінде орын тепкен асқақ қала Мәңгілік Елдің бак-жұлдызын жарқыратып, болашаққа қарай алға қадам баса беретін болады.

Ершат АНДАС,

Алматы облыстық «Рухани жаңғыру» өңірлік жобалық кеңсесінің кеңесшісі

Түркістан — тұтас түркінің алтын бесігі. Сондықтан, Түркістан атауы бұрын өте кең ұғымда қолданылған. Оған дейін бұл топырақ Тұрпан деп аталды. Жазба деректерде Түркістан атауы I, IV ғасырда кездеседі. Түркілер елі деген сөз. «Әзірет сұлтан» қорық музейінің археолоия және ескерткіштерді қорғау бөлімінің меңгерушісі, тарихшы Марат Тұяқбаевтың айтуынша, Қашқария, Тұрпан, Өзбекстан, Түркіменстанның солтүстігі, Еділге дейінгі жердің бөрі Түркістан деп аталған.



Сондықтан, бүгінгі Түркістан топырағы тарихи мән-маңызы жағынан қасиетті, киелі саналады. Облыс орталығының Түркістан аталуы да тегін емес. Ал «Әзірет сұлтан» мешіті, «Арыстан баб» кесенесі, Ежелгі Отырар қалашығы — Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында көрсетілген «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясына» кіреді.


Түркістан — онтүстіктегі облыс атауы ғана емес, күллі түркі дүниесімен ерекше етене. Үш жүздің басын қосып, казактың тұтастығын сақтап қалған Ордабасы сияқты тарихи һәм қасиетті мекен. Қазақтың атакты хандары мен батырлары,

ТҰТАС ТҮРКІНІҢ АТАЖҰРТЫ

билері мен жырауларының өмірі Түркістанмен тығыз байланысты.

Әріден бастасак, Ахмет Яссауи де осы топырақтың төл перзенті. Осында дін жолына түсіп, рухани өнер үйренді. Дін таратты. Ғылым-біліммен айналысты. Ақынның «Диуани хикмет» кітабы — мұсылман әлеміндегі құнды мұра. Аңызда Түркістан топырағын ең алғаш қоныс қылған адам — осы бозбала Қожа Ахмет деп айтылады. XII ғасырда Сайрамда дүниеге келген.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі — Орталық Азиядағы ең ежелгі сәулет өнерінің озық



туындысы. Түркістанға барған сапарымызда кесенені толық аралауға мүмкіндік туды. Алыстан қарағанда, даланың күмбезі сияқты боп көрінеді. Құрылыс аяқталмаған. «Әзірет сұлтан» қорық музейінің бөлім меңгерушісі, тарихшы Марат Тұяқбаевтың айтуынша, құрылыс 1393 жылдан 1405 жылдың арасында Әмір Темірдің бұйрығымен салынған. Әмір Темір 1405 жылы қайтыс болғаннан кейін баласы Шаһрух ұсталарға кешірім жариялайды да, олар сол маннан қайтып кетеді. Құрылыс бітпей қалады. Бітсе, құрылыстың алдыңғы биіктігі 65 метр болу керек еді. Бірақ ою-өрнегі ерекше шеберлікпен салыныпты. Тылсым құпиясына ой жетпейді. Бояуы да қанық әрі төзімді. Тіпті бүгінгі технологияның шама-шарқы жетпейтіндей боп көрінді бізге. Сағыз топырактан күйдірілген сары кірпіш алты ғасыр өтсе де, сыр бермеген.

Кесене онтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр. Ені — 46, ұзындығы — 65 метрге жетеді. Биіктігі — 37 метр. Кіндік Азияның ұсталық өнерінде бұрын-соңды болмаған шатыр жабу әдісі қолданылған. Жалпы саны 35 бөлме бар. Кесененің жоғарғы жактауында көгілдір қышпен өрнектелген жазу кездеседі. Тарихи кешеннің кіндігі — Қожа Ахмет Яссауиге қойылған құлпытас.

Парсы шебері Шәриф ид диннің жазбасында «Әзірбайжан, Парсы және Үнді және басқа елдерден әкелінген 200-ге жуық тас қалаушы жұмыс істеп, тауда 500 адам тас өндірді. Тасты жеткізуге Үндіден әкелінген 95 піл пайдаланылды. Құрылыс жұмысына көңілі толмаса, Темір кінәлілерді қатаң жазалап отырды. Темір заманында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі сияқты құрылыс жоктың қасы еді. Кесененің әрбір кірпіші қолдан құйылды. Сапасы өте жоғары болды» — деген жолдар кездеседі.

Түркістан өлкесі — казактың арғы-бергі тарихындағы аса маңызды оқиғалардың жарқын куәгері. Әсіресе, азаттық жолында халықты күреске жұмылдырғаны ұрпақтың жалында мәңгілік сақталары сөзсіз. Ел бастаған хандар мен батырлардың мазары осында. Қазактың 21 ханы жерленген. 9 сұлтан, 16 би, 52 батыры осында қойылған. Бізге белгілісі осы ғана. Марат Тұяқбаевтың айтуынша, Ахмет Ясауи өзінің өтініші бойынша Қокырас ханның аяқ жағына жерленіпті. Ол Яссауиден бұрын өмір сүрген әулие. Кесенені тайқазансыз елестету қиын. Алып қазан 1399 жылы, Түркістан маңындағы Карнак деген жерде, сирек кездесетін жеті асыл металдың қоспасынан құйылған. Қазанның салмағы — 2

тонна. Сыйымдылығы — 3 мың литр. Көне тарихтың көзіндей болған асыл мұра 1935 жылы Эрмитажға уақытша көрмеге қою үшін әкетілген еді. 1989 жылы елге қайтарылды. Әмір Темірдің берген Жарлығы бойынша әр дүйсенбі және жұма күндері қазанға су толтырылып, қант араластырылып, зиратшылар мен жұма намазына келушілерге су тегін таратылған.

Көне тарихтан сыр шертетін тағы бір жәдігер — қылует жер асты мешіті. Қуң көзі түспейтін жабық нысан. Құрылыстың ең көне бөлігі — ғар бөлмесі. Жалғыз адам сыятын ұядай орын. Қожа Ахмет бабамыз 63 жастан кейін өзіне



арнап салдырған ғархана — осы. Жер бетінен 4 метр тереңдікте. Жалпы саны 18 бөлме бар. Жамағатхана, мешіт, асхана, шаруашылыққа арналған шағын бөлмелерден тұрады. Жамағатханаға ғана терезе, күмбез салынған. Мұнда шығыс моншасы да бар. Күмбезді құрылыс сыртынан қарағанда, жинақы, ретті көрінеді. Шығыстың архитектуралық ерекшелігіне бай. Кірпіші шаршы, алуан түрлі бейнеде қаланған. Бұл — осыдан 5 ғасыр бұрын салынған. Яғни 158-1593 жылдардың арасында Бұқараның ханы Абдолланың бұйрығымен салынған. Әуелде, Қожа Ахмет бабаның басына тәу етіп келушілерге арнап тұрғызылыпты. Кейін бүкіл халық пайдаланған. 1975 жылға дейін оты өшкен жоқ. Тоғыз бөлмеден тұратын моншаның едені жылиды. Жылу ұзақ

сақталады. Мұндай озық технология орта ғасырларда өте сирек болған. Түркістан облысындағы қасиетті, киелі жердің бірі — Арыстан баб кесенесі. Арыстан баб — Мұхаммед Пайғамбардың сахабасы деп айтылады. Қазак жеріне дін таратып, бала оқытқан. Пайғамбардың аманаты — құрманың дөнін ұртында 407 жыл сақтап, 13 жастағы Ахмет Яссауиге табыстапты деген аңыз бар. Сол үшін де ол баптың бабы — Арыстан баб деп айтылады.

Арыстан баб кесенесі дәлізхана, мешіт, құжырахана, азан шақыратын мұнара сияқты жеке бөлмеден құралған. Ең көне бөлігі — қабірхана. Қабір үстіне алғашқы белгі XII ғасырда қойылған. Мазар 14 ғасырда бір рет, XX ғасырдың басында екінші рет жөндеуден өтіп, қызыл кірпішпен салынды. Кесенеге Әмір Темір сағана соқтырған. Екі тіреуі сақталыпты. Кесене жанындағы құдыктан бірнеше ғасырдан бері су үзілмеген. Жалпы Арыстан баб кесенесі орта ғасырдағы озық құрылыстың бірі. Рухани орталық.

Теңдессіз кітапханасымен әлемдік өркениеттің бесігі болған, екінші Аристотель атанған Әбу Насыр Әл Фарабидей адамзаттың ғұламасымен аты шыққан кешегі Фараб, бүгінгі Отырарға да жолымыз түсті. Археолог Нұртаза Алдабергеновтың айтуынша, Отырар қаласы казак тарихының күрделі кезеңдерінің бөрін басынан өткерген. Отырар атауы орта ғасырдағы араб, парсы

✓

«Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Яссауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жеті-судың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді»

(Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан)

саяхатшыларында, географтарының жазбасында көп кездеседі. Фараб атымен де кездеседі. Отырар — отты жер. Фараб — сулы жер.

Н.Алдабергенов «Отырардың мәдени қала болған себебі — бұның қамалының беріктігінде. Үй орындары мен табылған заттары да өте ерекше. Бір Отырардың жан-жағында 12 қалашық болған. Олар Отырар үшін жұмыс істеген. Мұнда ақша жасалған», — делі.

Отырар — өкініш пен мұң торлаған казактың өткен тарихы. Отырар — орта ғасырда ғылым мен білімнің, өнер мен мәдениеттің мәйегі болған шаһар. Отырар — теңдессіз өркениеттің қарашанырағы. Қала орнындағы — аспан астындағы музей — Отырар өркениетінің бір тамшысы ғана. Тарихи қалада хандар ордасы, керуен сарай, базар, мешіт, ұстахана, құдық — бәрі болған. Қазір бірі де жоқ. Көшкен жұрттай жұрнағы ғана жатыр. Сыры көпше де, сыны кетпеген Ежелгі Отырардың қабырғалары — бір өркениеттің арқауындай. Бірнеше ғасырдың көзі болған сары кірпіштер — шерлі тарихтай сыр шертетін сияқты. Өттен тілі жоқ. Шыңғыс хан қирата алмаған зәулім қақпа келушіге айбат шегіп қарсы алады. Кірпіші әлі тозбапты. Ерекше әдіспен қаланған ескі жәдігер.

Онтүстік — елдік пен ерліктің дінгегі. Жазы шуақты, қысы жұмсақ — жер жәннағты. Әдебиет пен мәдениеттің, өнер мен өленнің, өрелі елдің туған жері. Бау-бақшасы жайнаған, өзен-көлі кербез, даласы дарқан — құтты қоныс. Сол үшін де күнгейдегі жұртты — киелі онтүстік демеі же?!

Жарас КЕМЕЛЖАН,

Алматы-Түркістан-Отырар

Мұрат Мөңкеұлының туғанына – 175 жыл

Тәуелсіздіктің арқасында қайта оралған асыл мұраттарымыздың бірі – қазақтың өткен тарихы мен рухани мәдениеті. Өкінішке қарай, кеңес заманында ХХ ғасырдың 30 жылдарына дейін көшпелі өмір салтын сақтап, тарихы мен тұрмысын, түсінігі мен танымын батырлық жырлар, тарихи әңгімелер, шежіре, ауыз әдебиеті мұралары арқылы жеткізген қазақ халқының тарихи жады мойындалмады.

Қазіргі казакстандық тарихнамада ауызша тарихқа ұлттық рух пен мәдениетті өркендетудің жолы, халқымыздың өткенінің тарихнамалық дерегі ретінде карауға, ғылыми негіздеуге бетбұрыс жасалуда. Бұл ретте Атырау өлкесінің тарихы мен мәдениетін, казба байлығы мен жетістіктерін, әсіресе, басты байлық – халық тарихын, өлкенің ел қорғаған бабалар мен батыр-билерінің өнегесін, акын-жырауларының рухани мұрасын насихаттауға маңыз берілуде.

Осы тұрғыдан елдік пен ерлікті жырлаған Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығын қарастыру қажеттігі даусыз. Кіші Жүз казактары кең-байтақ қазақ елінің батыс межесін бекітіп, тарихта «жауынгер» ел атанған. Тағдырдың жазуымен, тарихтың көшімен, Ресей бодандығын қапияда қабылдаған бұл өлке талай тарихи құпияны бүгіп жатыр. Мұрат акын айтқандай, «жеті жұрт көшіп-қонған» өңір әлемдік тарихи оқиғалардың куәсі болды. Куәсі болып қана қойған жоқ, сол тарихи оқиғалармен біте-қайнасты. Түрлі дүрбелендер өлке тұрғындарының менталитеті мен дүниетанымына, мінез-құлық, дәстүрлеріне ықпал етті.

Мұрат Мөңкеұлының шығармашылығы туралы айтканда ең алдымен Халел Досмұхамедов еске оралады. Ғалым казактың акын-жырауларының еуропалық түсінікке сай келмейтін ерекшеліктерін көрсетіп, оларды сол заманның идеологтары, ел тарихын, өткеннің өнегесін, аргы ұрпақтың жүріп өткен жолын кейінгі ұрпаққа таныстырушы, тарихи білімдерді жалғастырушы қоғамдық тұлға деңгейінде бағалайды. Ол фольклорлық мұраның тарихилығы туралы Шокан Уәлиханов

халыққа тарап, Мұрат акын жырларымен сабактасқан. Өйткені, Доспамбет те, Қазтуған да Ноғайлы, яғни Алтын Орда заманының басынан дәурені өткенін, халықтың кезіндегі тарихи тағдырын жырласа, бодандыққа түсіп, берекесі қашқан жұртының тағдыры Мұрат өлендеріне арқау болады.

Мұрат акын – Ноғайлы-казак бірлестігі жырауларының соңғы көшінің өкілі. Казак зиялылары – билер, акындар өздеріне берілген қабілетті жеке бастың қаракеті үшін емес, елге, халқына қызмет ету деп түсінген. Солай істегендері халық жадында қалып, ұрпақтан ұрпаққа танылып, мәңгі өмір сүрген. Жырау – көшпелі казак өмірінде саяси идеолог рөлін атқаратын тарихшы, тарихнамашы іспетті. Еуропалық



МҰРАТ АҚЫН ЖӘНЕ НОҒАЙЛЫ ЖЫРЛАРЫ

айтқан пікірлерді жалғастырып, қазақ халқының тарихи санасы мен тарихи білімінің рөлін атқарған батырлық жырлар мен фольклордың ел тарихымен байланыстылығын акын-жыраулар шығармашылығы арқылы көрсетті.

Халел құрастырған «Мұрат акынның сөздері» атты кітаптың алғы сөзінде казактың бес ғасыр бұрынғы тарихи оқиғалары тарихи жырларда көрініс тауып, оларды кейінгі ұрпаққа жеткізуші акын-жыраулардың көші Қазтуған мен Шалғезден басталып, Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығымен аяқталғанына назар аударалы. Бұл жинақта казактың ноғайлы дәуіріндегі оқиғалары казак тарихымен байланыстырыла баяндалған.

Доспамбет пен Қазтуған, Шалғез сияқты акын-жыраулар шығармашылығындағы елдік идеялар мен ұлттық дәстүр-салындар Мұрат акын мен Махамбеттің өлендерінде жалғасын тапқан. Бұл жалғастықта ортақ елдік сабақтастық бар. Казак әдебиетінде Ноғайлы дәуірі деп аталатын уақытты тарихи тұрғыдан Алтын Орданың ыдырау кезені деп түсінген жөн (*пікір біздікі, Ж.Ж.*). Өйткені, Алтын Орда термині – казакқа жат ұғым. Ордаға салық жеткізуші Москва княздерінің ханның алтын зермен қапталған киіз үйін атауына сәйкес, тарихи әдебиетте осы термин орныкқан. Ал Алтын Орданың халқы өздерін ноғайлы деп атап, Өзбек пен Жәнібек хандар кезіндегі бақуатты заманды ансаған. Осы өткен заманды армандау, ансау сарыны Қазтуған мен Доспамбет, Шалғез жырлары арқылы

тарихнамадағы анналдар (*тарихи әңгімелер*) сияқты көшпелі казак қоғамында тарихи сана мен танымның ерекше формасы ретінде тарихи жырлар қалыптасқан.

Доспамбет, Шалғез (*Шалкиіз*), Мұрат өлендеріне халықтың өткен өмірі, ерлік пен елдік дәстүрлері арқау болып, көркем сөзбен көмкерілген жырлар ел тарихынан көп мәлімет береді. Ел тарихының басты кейіпкері – халық, оның елдік белгілері болып саналатын батырдың, ердің басты қасиеті – жұртын жаудан қорғау, болашағына қызмет ету. Казактың көшпелі өркениетінің айрықша белгілерінің бірі ретінде танылған осы салт-саналық идеяны Х.Досмұхамедов те өзінің өмірлік позициясына арқау еткен.

Халел Досмұхамедұлы Мұрат жырларындағы немесе Мұрат арқылы бізге жеткен ертедегі тарихи жырлардағы топонимдерге назар аударып, «Бұл жерлерде, мысалы, Құбанда (*Кубань*) казак қашан жүрген? Асан Қайғы, Қазтуған, Айсаұлы Әнет, Қараұлы Сидак, Жанбыршыұлы Телағыс, басқа батырлар кім? Бұлар қай уақытта болған? Ноғайлы деген кім? Казактың Ноғайлыға қандай жақындығы бар?» деген сурақтар қойып, ХХ ғасырдың жиырмасыншы жылдарында-ақ казак тарихының зерттеу проблематикасының басты бағыттары ретінде этногенез бен мемлекеттіктің қайнарларын анықтау екендігін көрсеткен.



RYHANIAT

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Сталиндік кеңестік идеологияның «казак ұлты әлі қалыптасуы аяқталмаған, мемлекеттік дәстүрлері жоқ халық» деген насихатына іштей қарсылығын осыдан байқауға болады.

Алаш қайраткері «Казактың тарихын жазған адам Мұрат секілді акындардың сөзін елеусіз тастай алмайды... Мұрат, бір жағынан, өткенді білген шежіре болса, екінші жағынан, халықтың мұнын, елдің зарын айтатын әлеуметшіл акын болғандығы оның өлеңінде (*Үш қиян*) көрінеді», – дейді

Бұл қоныс жеті жұрттан қалған қоныс, Ноғайдың көшіп, талақ салған қоныс. Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай, Біз түгiл осыларды алған қоныс....

Ноғайлы дәуірінің акын-жыраулық дәстүрі Мұрат шығармасында, Мұрат арқылы бізге жеткен Махамбет өлендерінде де қайталанады.

Белгілі казакстандық тарихшы В.Юдин енгізген ауызша тарихнама түсінігіне салсақ, Мұрат

Сенгірбайұлы сияқты акын-жыраулардың Мұрат мектебінен өткенін жазады. Мұны Мұрат акынның әдеби мұрасын зерттеген әдебиеттанушы-ғалым Б.Омаров та атап көрсетеді.

1942 жылы, Ұлы Отан соғысы жылдарында, Алматыға шақырылып, казактың батырлар жырының антологиясын қалыптастыруға атсалысқан белгілі маңғыстаулық жырау Мұрын Сенгірбайұлының осы жырларды өзінің Мұрат Мөңкеұлынан үйренгені «Батырлар жыры» жинағының Ә.Қоңыратбаев жазған кіріспесінде айтылады. Мұрын жырау ұстазының осы жырларды өзіне жазғы шөп шабу кезінде үйреткенін айтып, оның шежіре жыршы, акын ғана емес, ел тарихын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуді абзал мұрат санаған, елдік дәстүрлерді жоғары қойған азамат ретіндегі болмысына таң қалады.

Мұрат акынның елдің тарихи жады мен тарихи санасын қалыптастыруды өзінің акындық, азаматтық борышы санап, шәкірт тәрбиелеуге ден қойғанына бас имеске болмайды. Ғалым Б.Омаров «Мұратты эпикалық жырларды шаршамай-талмай ұзақ уақыт бойы айтатын майталман жыршы ретінде де тануымыз керек. Ол Ноғайлы дәуірінің алтын қазынасы – «Қырымның қырық батыры» жыр циклін кейінгі ұрпаққа жеткізгендердің бірі. Мұраттың өзіндік орындаушылық тәсілі, жыр үйрету әдісі болған», – дейді.

«Қырымның қырық батыры» жырларындағы оқиғалар қазіргі Казакстанның батысындағы төрт облыс аумағын қамтиды. Оны жырлағандар қатарында Ақтөбенің тумасы Нұрпейіс Байғанин де бар. Мұрат акынның шәкірттерінің бірі – Ығылман Шөрековтің «Исатай – Махамбет» дастанындағы ноғайлы дәуірінің мотивтері мен елдің өткені туралы тарихи мәліметтердің көптігі де осыны дәлелдейді. Олай болса, «Қырымның қырық батыры» казак және ноғай халықтарына ортақ туынды. Оларды бізге жеткізген акын-жыршы, жыраулардың алдыңғы легінде Мұраттың болғаны хақ деген тұжырым жасауға болады.

Әдебиеттанушы К.Мұқатаева «Мұратты қаншама халыққа танылды дегенмен, Абай мен Махамбеттей. Ақтамберді мен Бұқардай мол орнығып, санаға сіне қойған жоқ. Махамбет жырлары халыққа Мұрат арқылы мәңгілік ғұмырға ие болды. «Қырымның қырық батырын», Ноғайлы жырауларының толғауларын, көптеген батырлар жырларын Мұрын жыраудың Мұрат акыннан үйренгендігі шындық», – дейді.

Алайда Мұрат Мөңкеұлының казак тарихы мен әдебиетіндегі орны әлі де тасада қалып келеді. Ол арқылы казактың бес ғасырлық тарихи дастандарын үйреніп, біздің заманымызға жеткізген жырау Мұрын Сенгірбайұлының шығармашылығын маңғыстаулық тарихшылар, зерттеушілер



өлендерін және ол арқылы бізге жеткен «Қырымның қырық батыры» топтамасындағы батырлық эпос үлгілерін, Асан Қайғы, Доспамбет, Шалғез, Қазтуған, т.б. жырларын өленмен жазылған ауызша тарих десе де болады. Мұрат өлендерін, ол туралы халық арасындағы мәліметтерді жинастырған Х.Досмұхамедов Махамбет, Шернияз, Ығылман, Мұрын

ұлықтап, оған арнайы зерттеулер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар арнады. Батырлық, қаһармандық жырлардың көптігі тек казак халқына ғана тән сипат, сонысымен біз мақтанамыз және өзге халықтардан ерекшеленеміз. Алайда осыншама мол мәдени мұраны көздің қарашығындай сақтап, жазусыз – сызусыз заманда кейінгі ұрпаққа жеткізуді мансұқ етіп, шәкірттер тәрбиелеп, солар арқылы ел жадында берік орын алған Мұрат Мөңкеұлы сияқты акын-жырауларға тарихымыз қарыздар. Республиканы айтпағанның өзінде, тіпті Атырау топырағында да Мұрат Мөңкеұлының атын ұлықтайтын шаралар жаппай қолға алынып жатқан жоқ. Кеңес өкіметін орнықтырған аталарымыздың атына көше, мекеме, ғимараттар беріліп жатқанда, казактың казактығын өзіне танытқан сұңғыла, шежіре акын, азамат аты неге шеттеу қалуға тиіс?

Ноғайлы жырларының елге кең таралуына зор үлес қосқан Мұрат акын ұлт руханиятының басты тұлғаларының бірі санала бермек.

Жұмазия ЖҰМАБАЕВА,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



CHEVRON, CHEVRON Hallmark және HUMAN ENERGY Chevron Intellectual Property LLC-дің тіркелген сауда белгілері болып табылады. © 2018 Chevron U.S.A. Inc. корпорациясы. Барлық құқықтар қорғалған.

ДАМУ МЕН ӨРКЕНДЕУДІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ

Ширек ғасыр бұрын «Шеврон» Қазақстанның әлеуетіне сенім артты. Серіктестерімізбен бірге Қазақстан экономикасына миллиардтаған доллар салдық. Мыңдаған жұмыс орындарын ұйымдастырдық. Сонымен қатар, біз мемлекеттегі ең ірі мұнай өндірушісіне айналдық. Бүгінде Теңіз кен орны әлемдегі мұнай өндіруші орындарының алдыңғы қатарында. Бұл дегеніміз әлеуетті пайдалана отырып, өркендеу. Бүгін және келер жылдар бойына.

Қосымша ақпаратты chevron.com/worldwide/kazakhstan/kazakh сайтынан қараңыз.

ОЙЫМЫЗ БІР.


human energy®

ҚЫЗЫА ҚИТАН

Жалбағай

Жалбағай деген құс бар. Қазақтар оны жалбағай-қалбағай деп те атайды, (*Латышша Platalea leucorodia*). Ескеаяқты құстар тобының тырна-құтан тұқымдасына жатады. Қанатының ұзындығы – 39 см, салмағы – 1,5 кг. Әппак құс, басында сарғылт айдары бар. Сирағы ұзын, кара. Тұмсығы жалпак, қалақша тәрізді. Жыл құсына жатады. Наурыз-сәуірде келіп, қыркүйекте қайтады. Су жәндіктерімен, балықпен қоректенеді.



ТАҢҚААМАҢҒЫЗ!

Тауһар туфли

«Естімеген елде көп». Әлемдегі ең қымбат туфли Дубайда сатылды. Алтынмен апталып, гауһар тастармен көмкерілген аяқ киімнің құны – 17 млн доллар. Туфлидің тұмсық тұсы көлемі 15 карат



бірнеше гауһар таспен әдіптелген. Аса бағалы туфли 36-өлшеммен тігіліпті. Көрген жанның көзін арбайтын таңғажайып туфлиді алғысы келетін қыз-келіншектер болса, мамандар кез келген өлшемде тігіп беруге дайын көрінеді.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жасатар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23) Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Мақпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат (Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2134; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы – 45 000 дана Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар. Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген. 2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
--	---	--	--